

# Даңқ ескерткіші ашылды

Келер жылы Екібастұз қаласы 60 жылдығын атап өтпек. Осы жылдар ішінде Екібастұз қаласы қарапайым жұмыскерлер кентінен еліміздегі танымал өнеркәсіптік қалалардың қатарына еніп, Қазақстанның көмір және энергетика саласының орталығына айналып үлгерді.

► Ә.ОРЫНТАЕВА

Энергетиктер күні қарсаңында «Екібастұзың 50 жылдығы» саябағында энергетика саласының ардагерлеріне арналған даңқ стенді ашылды.

Ескерткіштің салтанатты ашылу расімінде қала басшысы Қ.Нуkenов барша энергетиктерді көсіби мерекемен құттықтады.

«Екібастұз Энергетика саласының ардагерлері» қоғамдық бірлестігінің

төрағасы Рашид Фаббасов энергетиктерге ақ тілегін айттып, стендті ашу құрметіне ие болды.

1956 жылы 4 желтоқсанда 6 МВт электр қуатын беретін алғашқы ЖЭО (ТЭЦ) турбогенераторы іске қосылды. Бұл сол тұста қаладағы біршама басты әлеуметтік нысанды сақтап қалуға және көмір өнеркәсібінің дамуына септігін тигізген еді.

*Суретті мүсірген: В.Фадеев*

